әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
География және табиғатты пайдалану факультеті
Рекреациялық география және туризм кафедрасы

4-дәріс

Зерттеу сұрағы, гипотезасы, мақсаты және міндеттері

Scientific Writing



ДӘРІСКЕР

Елдар Нұрұлы
Аға оқытушы, аға ғылыми қызметкер, PhD Candidate

Дәріс жоспары

Дәрістен кейінгі нәтижелер

1. Жақсы зерттеу сұрағын (research question) құрастыру
2. Гипотезаны дұрыс жаза алу (қашан керек / қашан керек емес)
3. Мақсат пен міндеттерді логикалық сәйкестендіру
4. "RQ–Aim–Objectives–Data/Method" сәйкестік матрицасын толтыра алу

Сұрақ

Неге кей зерттеулердің "сұрағы" жауап бермейді?



5 секунд ойланыңыз

Көбіне себептері:

- Сұрақ тым кең
- Өлшеу мүмкін емес
- Контекст жоқ
- Мақсат пен міндеттер "бір-біріне сәйкес емес"

Өткен дәрістен көпір

3-дәрістегі логика

Мәселе + алшақтық табамыз

4-дәрістегі қадам

Сол алшақтықты өлшенетін зерттеу құрылымына айналдырамыз



Формула: Research problem / gap → Research question → (қажет болса) Hypothesis → Aim → Objectives

Зерттеу сұрағы (RQ) дегеніміз не?

Зерттеу сұрағы (research question) – зерттеуде нақты қандай білімді алғымыз келетінін көрсететін, дерек арқылы жауап беруге болатын сұрақ.



1

Не зерттеледі?

құбылыс немесе айнымалы

2

Қай жерде / кімде?

контекст, популяция

3

Қандай уақыт / шекара?

мерзім, жағдай

Жақсы RQ-дың 5 белгісі

Зерттеу сұрағының міндетті сипаттамалары

Нақты

Жалпы емес, нақты құбылыс немесе айнымалыларды көрсетеді

1

Өлшенетін

Дерек арқылы тексеріледі, байқалатын немесе өлшенетін болуы керек

2

Шекарасы бар

Орын, уақыт, аудитория бойынша нақты шекаралары бар

3

Мағыналы

Ғылыми немесе практикалық құндылық береді, маңызды мәселені зерттейді

4

Орындалатын

Уақыт, ресурс және дерек қолжетімділігі жағынан мүмкін болуы тиіс

5

Дереккөз: Veal, A. J. (2018). Research Methods for Leisure and Tourism (5th ed.). Pearson. ISBN 978-1292115290.

RQ түрлері (туризм мысалдарымен)

Зерттеу сұрағының үш негізгі типі

1

Сипаттамалық

Descriptive

Мысал

"2021–2024 жж. Алматыға келген ішкі туристердің ақпарат алу арналары қандай?"

2

Салыстырмалы

Comparative

Мысал

"Instagram мен TikTok: қай арна Алматыға келу ниетіне көбірек әсер етеді?"

3

Түсіндірмелік

Explanatory

Мысал

"UGC сапасы дестинация таңдауға қалай ықпал етеді?"

Дереккөз: Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2018). Research Design: Qualitative, Quantitative, and Mixed Methods Approaches (5th ed.). SAGE. ISBN 978-1506386706.

Жақсы vs Нашар RQ

Туризмнен үш салыстырмалы мысал

	ЖАҚСЫ RQ ✓	НАШАР RQ ✗
1	2022–2024 жж. Көлсай ұлттық паркінде келушілер саны мен қоқыс көлемі арасында байланыс бар ма?	Овертуризм жаман ба?
2	Алматыдағы 18–30 жас туристер үшін OTA-лардың қай функциясы (баға/пікір/карта) шешуші?	Онлайн брондау маңызды ма?
3	Visa-free режимінен кейін (2017–2024) кіру туристер динамикасы қалай өзгерді?	Виза режимі туризмге әсер етті ме?

ИНТЕРАКТИВ 1 — RQ

Қайсысы дұрыс зерттеу сұрағы?

60–90 секунд

A "Қазақстанда туризм дамып жатыр ма?"

B "2021–2024 жж. Алматыда Instagram-дағы UGC сапасы 18–30 жас ішкі туристердің келу ниетіне қалай әсер етеді?"

C "Туризмде әлеуметтік желі керек."

Тапсырма: 10 секундта таңдаңыз (A/B/C). Неге? 1 дәлел айтыңыз.

Гипотеза: не және қашан керек?

Гипотеза (hypothesis) – айнымалылар арасындағы күтілетін байланыс туралы тексерілетін болжам.

Сандық зерттеу (Quant)

RQ → Hypothesis

гипотеза қажет

Сапалық зерттеу (Qual)

RQ / Aim

кейде гипотезасыз жеткілікті

Қашан керек?

Көбіне сандық зерттеуде – айнымалылар арасындағы байланысты, айырмашылықты немесе әсерді тексеру кезінде.

Қашан міндетті емес?

Көбіне сапалық зерттеуде – мақсат құбылысты түсіндіру, мағына ашу болса; RQ жеткілікті болуы мүмкін.

Источник: Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2018). Research Design (5th ed.). SAGE. ISBN 978-1506386706.

H0 және H1 (мысал)

Нөлдік және баламалы гипотеза



H0

Нөлдік гипотеза

UGC сапасы мен келу ниеті арасында байланыс жоқ.



H1

Баламалы гипотеза

UGC сапасы мен келу ниеті арасында оң байланыс бар.

Контекст

Алматы, Instagram, 18–30 жас ішкі туристер, 2021–2024 жж.

Дереккөз: Misra, D. P., et al. (2021). Formulating Hypotheses for Different Study Designs. J Korean Med Sci, 36(50):e338. DOI: 10.3346/jkms.2021.36.e338.

Бағытталған vs бағытталмаған гипотеза

Гипотеза түрін таңдау критерийлері мен мысалдары

Бағытталған

Directional hypothesis

Мысал (Алматы кейсі)

> **"UGC сапасы артқан сайын келу ниеті өседі."**

> **Байланыстың бағыты нақты көрсетілген: оң немесе теріс.**

Бағытталмаған

Non-directional hypothesis

Мысал (Алматы кейсі)

> **"UGC сапасы мен келу ниеті арасында байланыс бар."**

> **Байланыстың бар-жоғы ғана тексеріледі, бағыт көрсетілмейді.**

Қайсысын таңдау керек?

Бағытталған →

Егер теория немесе алдыңғы зерттеу бағытты негіздесе

Бағытталмаған →

Егер дәлел әлсіз болса немесе зерттеу exploratory болса

Статистика →

Бағытталған: one-tailed test; Бағытталмаған: two-tailed test

Источник: Gasparyan, A. Y., et al. (2019). Scientific Hypotheses: Writing, Promoting, and Predicting Implications. J Korean Med Sci, 34(45):e300. DOI: 10.3346/jkms.2019.34.e300.

ИНТЕРАКТИВ 2 — Hypothesis Betting

Қайсысы гипотеза, қайсысы емес?

60 секунд

1	"Алматы туризмі өте перспективалы."	Гипотеза	Емес
2	"Visa-free режимінен кейін кіру туристер саны артты."	Гипотеза	Емес
3	"Қызмет көрсету сапасы жоғары қонақ үйдің онлайн рейтингісі жоғары болады."	Гипотеза	Емес

Жауап: 1) — пікір; 2) — факт (дұрыс формулировка жасаса гипотеза болуы мүмкін); 3) — гипотеза (айнымалылар мен байланыс бар).

Мақсат — бір сөйлемдік бағыт

Зерттеудің мақсаты: не үшін жасалатыны, қандай нәтижеге жеткізетіні

Мақсат (aim/purpose) – зерттеу не үшін жасалатынын, қандай нәтижеге жеткізетінін көрсететін бір сөйлем.

ЖАҚСЫ МАҚСАТ

Үлгі (Алматы кейсі)

"Бұл зерттеудің мақсаты – 2021–2024 жж. Алматыда Instagram-дағы UGC сапасының 18–30 жас ішкі туристердің келу ниетіне байланысын бағалау."

✓ Нақты контекст бар (уақыт, орын, аудитория)
✓ Әрекет көрсетілген (бағалау)
✓ Өлшенетін нәтиже айтылған

НАШАР МАҚСАТ

Қате мысал

"Instagram-ды зерттеу."

✗ Тым жалпы
✗ Контекст жоқ
✗ Нәтиже көрсетілмеген
✗ Тақырыпты қайталау ғана

Ереже: Мақсат "тақырыпты қайталау" емес. Мақсатта әрекет бар: бағалау / талдау / анықтау / салыстыру, т.б.

Objectives — өлшенетін қадамдар

Мақсатқа жету үшін орындалатын нақты қадамдар

Міндеттер (objectives) – мақсатқа жету үшін орындалатын нақты қадамдар (әдетте 3–5). Жақсы міндеттер етістікпен аяқталады және өлшенетін болады.

Міндет етістіктері

анықтау | жинау | талдау | салыстыру | бағалау | сипаттау | тексеру | әзірлеу

Мысал: UGC сапасы мен келу ниеті кейсі (Алматы, 2021–2024)

1 Анықтау

UGC сапасын бағалау өлшемдерін (критерий) анықтау

2 Жинау

18–30 жас туристерден сауалнама деректерін жинау

3 Талдау

UGC сапасы мен келу ниеті арасындағы байланысты талдау

4 Әзірлеу

Нәтижеге сүйеніп, дестинация маркетингіне ұсыныс әзірлеу

Дереккөз: Saunders, M., Lewis, P., & Thornhill, A. (2019). Research Methods for Business Students (8th ed.). Pearson.

Aim ≠ Objectives

Мақсат пен міндеттердің айырмашылығы

Aim

Мақсат / Цель

Қайда барамыз?

Зерттеу арқылы қандай нәтижеге жетуді көздейміз

Ереже

- Бір сөйлем
- Нақты әрекет: бағалау, талдау, анықтау
- Жалпы бағыт көрсетеді

Objectives

Міндеттер / Задачи

Қалай барамыз?

Мақсатқа жету үшін орындалатын нақты қадамдар

Ереже

- 3–5 тармақ
- Етістікпен басталады: анықтау, жинау, талдау, салыстыру, бағалау
- Өлшенетін және орындалатын

Егер міндеттер орындалса → мақсатқа жетуі тиіс

Дереккөз: Booth, W. C., et al. (2016). The Craft of Research (4th ed.). University of Chicago Press. ISBN 978-0226239736.

Alignment Matrix — сәйкестік құралы

Зерттеу логикасын "жалғансыз" тексеретін матрица

Сәйкестік матрицасы (alignment matrix) – барлық зерттеу элементтері бір-біріне логикалық түрде сәйкес келетінін тексеретін құрал. Егер бір ұяшық бос қалса немесе сәйкес келмесе → зерттеу әлсірейді.

RQ → Hypothesis → Aim → Objectives → Data → Method

RQ	Hypothesis	Aim	Objectives	Data	Method
Мысал 1 Алматыда UGC сапасы келу ниетіне әсер ете ме?	UGC сапасы артқан сайын келу ниеті өседі	Байланысты бағалау	1) UGC критерийін анықтау 2) Сауалнама жинау 3) Корреляцияны талдау	Instagram посттары + сауалнама (n=300)	Content analysis + корреляциялық талдау
Мысал 2 Көлсайда келушілер саны мен қоқыс байланысты ма?	Келушілер артқан сайын қоқыс өседі	Экожүйелік қысым байланысын анықтау	1) Келушілер статистикасын жинау 2) Қоқыс мониторингі 3) Регрессия	Парк деректері + далалық өлшем	Регрессиялық талдау

Маңызды: Әр бағанның элементі келесі бағанға логикалық түрде "ағып өтуі" керек. Матрица толтырылған кезде – зерттеу дайын.



Кейс стади

Кейс: Көлсайдағы овертуризм

Контекст

Көлсай көлдері ұлттық паркі, 2021–2024 жж., ішкі туристер

Research Question (RQ)

"2021–2024 жж. Көлсай ұлттық паркінде келушілер санының өсуі экожүйелік қысым көрсеткіштерімен (қоқыс көлемі, соқпақ эрозиясы) қалай байланысты?"

Hypothesis (H1)

"Келушілер саны артқан сайын қоқыс көлемі өседі."

Aim (Мақсат)

Келушілер ағымы мен экожүйелік қысым арасындағы байланысты бағалау.

Objectives (Міндеттер)

1. Қысым көрсеткіштерін таңдау (қоқыс, эрозия)
2. Келушілер динамикасын жинау (2021–2024)
3. Қоқыс/эрозия бойынша деректерді талдау
4. Байланысты талдап, басқару ұсыныстарын ұсыну

ИНТЕРАКТИВ 3 — Alignment Challenge

Матрицаны 90 секундта толтырыңыз

90 сек

🎯 AIM (берілген)

Алматыдағы қалалық туризмде қоғамдық көліктің қолжетімділігі туристік тәжірибеге әсер ететін факторларды анықтау.

RQ ?

Сұрақты жазыңыз

→

Hypothesis ✓

Қажет емес (сипаттамалық зерттеу)

→

Aim ✓

Қоғамдық көлік қолжетімділігі факторларын анықтау

→

Objectives ?

3–4 міндет жазыңыз

→

Data ?

Дерек түрін анықтаңыз

→

Method ?

Әдісті көрсетіңіз

! **Тапсырма: Сары қабыршықтарды толтырыңыз — RQ (1 сұрақ), Objectives (3–4 міндет), Data (қандай дерек?), Method (қай әдіс?). Уақыт: 90 секунд!**

Источник: Saunders, M., Lewis, P., & Thornhill, A. (2019). Research Methods for Business Students (8th ed.). Pearson.

ЖИ-құралдары + Қорытынды чек-лист

Тексеру құралдары және өзін-өзі бағалау

3 қауіпсіз промпт

1. "Мына сұрақты нақтылап бер: орын/уақыт/аудитория/өлшенім қос."
2. "Бұл сөйлем гипотеза ма? Егер емес болса, гипотезаға айналдыр."
3. "Мақсат пен міндеттер сәйкестігін тексер: қай міндет жетіспейді?"

ЖИ — автор емес, көмекші. Ұсынғанының бәрі тексеріледі. Қолдансаңыз — декларациялау керек.

Келесі қадам

4-Семинарда "сәйкестік матрицасын" дайындап келу керек.

Өз-өзіңізге чек-лист

- [ ] RQ нақты ма? (орын, уақыт, аудитория бар)
- [ ] Дерекпен жауап беріле ме?
- [ ] Гипотеза тексерілетін бе? (қажет болса)
- [ ] Aim – 1 сөйлем бе?
- [ ] Objectives – 3–5, етістікпен басталады ма?
- [ ] Data/Method анық көрсетілген бе?
- [ ] Alignment Matrix толықтырылған ба?

Назарларыңызға рақмет!

әл-Фараби атынд. ҚазҰУ
әл-Фараби даңғ., 71/19
Алматы қ., 050040
Қазақстан Республикасы

+7 778 879 75 93

yeldar.nuruly@kaznu.edu.kz

https://farabi.university/

